

# Үміткерлерді бағалау жөніндегі нұсқаулық



Біздің Бағалау орталығына келмес бұрын осы нұсқауларды оқып, түсінгеніңіз маңызды. Егер сізде қандай да бір сұрақтар туындаса, біздің Сертификаттауды қолдау тобына хабарласыңыз.

Сіз таңдаған профилиңіз бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік жүйесі негізінде құзыреттілігіңізді растау үшін Бағалау орталығына барасыз. Сіздің бағалауыңыз әдетте 8 сағатқа дейін созылады және жазбаша теориялық бағалау мен практикалық бағалаудан тұрады. Сіздің бағалау туралы толығырақ ақпарат алу үшін мына сілтемеге өтіңіз:

[Мамандықтар - Ұлттық біліктілік шеңберінің цифрлық платформасы](#)

## Сұраныс орнында ұсынылуы қажет құжаттар

- Өтініш формаңыз (анкета).
- Төлқұжат, жеке куәлік немесе жүргізуші куәлігі сияқты жарамды сәйкестендіру нысаны. Сәйкестендірудің басқа түрлері қабылданбайды.
- Бағалауға шақыруда көрсетілген басқа талаптар.

## Бағалау орны

Бағалау орталығына келгеннен кейін Сіз күзет бекетіне тіркелуіңіз керек. Онда Бағалау орталығына кіру үшін бейдж беріледі. Бағалау орталығынан шыққанда бейджіңізді күзет бекетіне тапсырыңыз. **Бағалау басталғанға дейін 30 минут бұрын Бағалау орталығына келуіңізді сұраймыз.** Негізгі ғимараттың кіреберісінде қосымша ақпарат алу және бағалау туралы қосымша нұсқаулық алу үшін қабылдау орнына (ресепшн) өтіңіз.

## Бағалау мерзімдері

Теориялық және практикалық бағалау өз мерзімімен шектеледі. Тестілеуді бағалауда көрсетілген мерзімде аяқтау керек. Уақыт аяқталғаннан кейін тапсырманы тоқтату керек! Егер сіз ертерек аяқтасаңыз, бағалаушыға хабарлап, бағалаушының нұсқауларын орындаңыз.

# Үміткерлерді бағалау жөніндегі нұсқаулық

## Бағалаудан бастарту

Егер Сіз бағалауға қатыса алмасаңыз, бағалаудан кем дегенде 72 сағат бұрын бізге хабарлаңыз. Келмеген жағдайда, бағалау құны қайтарылмайды.

## Бағалауды тіркеу

Бағалау бейнежазбаға түсіріледі. Бағалау аяқталғаннан кейін бағалау бейнежазбалары сұраныс бойынша 30 күн бойы қарауға қол жетімді болады. Осы уақыт ішінде шағымдар мен дауларды бейнежазбаларды қолдану арқылы шешуге болады. 30 күндік кезеңнен кейін бейнежазбалар жойылады және осы уақыттан кейін біз ешқандай шағымдар мен дауларды қабылдамаймыз.

## Бағалау ережелері:

- Кешігіп келгендерге бағалау бөлмесіне бағалау басталғаннан кейін кіруге тыйым салынады.
- Бағалау үшін жазбаша немесе баспа материалдарын алып келуге рұқсат етілмейді.
- Бағалау кезінде тамақтануға рұқсат берілмейді (егер ұсынылмаса).
- Бағалау басталғаннан кейін алғашқы 30 (отыз) минут ішінде бағалау бөлмесінен шықпаңыз.
- Бағалау бөлмесінен уақытша шығуға рұқсат етілмейді. Төтенше жағдай туындаған жағдайда, үміткерлер бағалау бөлмесінен шыға алады, бірақ бағалауға арналған барлық құжаттарды бағалау бөлмесінде қалдыруы тиіс.
- Егер сіз бағалау кезінде дәретханаға барғыңыз келсе, қолыңызды көтеріп, бағалау құжаттарыңыз бен ұялы телефоныңызды үстелге қалдыруыңыз тиіс.
- Егер сіз бағалаудан көрсетілген аяқталу уақытына дейін шыққыңыз келсе, қолыңызды көтеріп, инспектордың немесе бағалаушының сіздің бағалау жұмысыңызды қабылдауын күтуіңіз керек.
- Ұялы телефондарды **өшіріп тастау керек**.
- Бағалау кезінде бір-бірімен сөйлесуге рұқсат етілмейді.
- Бағалаушы **бағалауға қатысты сұрақтарға жауап** бермейді.
- Отыру жоспарын / орналастыру туралы нұсқаулықты қатаң сақтаңыз.
- Бағалау кезінде алаяқтық немесе теріс қылық жасағаны анықталған үміткерлер туралы есеп беріледі және ол үміткерлер бағалаудан шығарылады.

# Үміткерлерді бағалау жөніндегі нұсқаулық



## **Байланыс ақпараты:**

«Edil-Oral.kz» ЖШС

«Атырау-Доссор» тас жолы, 139/2 ғимарат

Атырау, Қазақстан Республикасы

certification@ediloral.kz